



ТҰРПАЖ- ҚАЗАЛЫ

№50
(2325)
Сенбі
12 шілде
2025 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚ СУ САЛАСЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ МЕМЛЕКЕТТІК НАГРАДАЛАР ТАБЫС ЕТІЛДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев су шаруашылығы саласы қызметкерлерін кәсіби мерекемен құттықтап, су – бүкіл тіршіліктің көзі, әлемдегі барлық ел үшін аса маңызды стратегиялық ресурс екенін айтты. Бұл сала әрдайым мемлекеттің айрықша назарында.

Президент 2023 жылы халыққа Жолдауында суды тиімді пайдалану жайына ерекше тоқталып, елімізде Су ресурстары және ирригация министрлігі құрылды. Нақты міндеттер айқындалып, ауқымды реформалар қолға алынды. Жаңа Су кодексі қабылданды.

Мемлекет басшысы ірі инфрақұрылымдық жобалардың, су нысандарын салуға және қалпына келтіруге бөлінген қаражат

пен шетелдік инвестицияның, маман тапшылығын жоюдың маңыздылығына тоқталды.

Сондай-ақ халықты таза ауыз сумен қамтамасыз ету, су үнемдеу технологиясын қолдану, су дипломатиясын күшейту шараларын атап өтті. Су ресурстарын дамытуға үлес қосқан сала қызметкерлеріне алғыс айтты.

– Су экономикаға, экологияға, халықтың денсаулығына, жалпы, барлық салаға ерекше ықпал етеді. Сондықтан судың таза әрі қолжетімді болуы өте маңызды. Елімізде Кіші Аралды құтқару үшін жылдар бойы ауқымды жұмыс атқарылып келеді. Соның арқасында қашқан теңіз қайта оралып, айдыны суға толып жатыр. Каспий теңізін, Балқаш көлін, басқа да су көздерін сақтап қалу үшін нақты шаралар қабылдау

қажет. Су, дұрыс пайдалана білсең – құт, ысырап етсең – жұт. Былтыр Қазақстанның бірнеше аймағы қарғын судан қатты зардап шекті. Мұндай жойқын табиғи апат елімізде бұрын-соңды болмаған. Күрделі кезеңде сіздер қайсарлық пен кәсібиліктің озық үлгісін көрсеттіңіздер. Әр қызметкер күні-түні еңбек етіп, апат салдарын жоюға белсене атсалысты. Мен баршаңызға шынайы ризашылығымды білдіремін, – деді Мемлекет басшысы.

Салтанатты іс-шарада Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның су шаруашылығын дамытуға елеулі үлес қосқан бір топ азаматты мемлекеттік наградамиен марапаттады. Былтыр «Қазақстанның су шаруашылығы саласының еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы бекітілді. Бүгін осы атақ

бірқатар ардагерге берілді.

Марапатталғандар қатарында Қызылорда облысының су шаруашылығы мамандары да бар. Сала ардагері Сұлтанбек Тәуіпбаев «Парасат» орденіне ие болды. Ал су нысандарын басқаруда біліктілігімен көзге түскен «Қазсушар» РМК Қызылорда филиалы «Шиелісушар» өндірістік учаскесінің басшысы Дихан Әубәкіров пен «Қазсушар» РМК Қызылорда филиалы «Қызылорда су торабы» өндірістік учаскесінің аға инженер-гидротехнигі Мақсұт Өтеулиев «Құрмет» орденімен марапатталды. Аймақтың су қауіпсіздігін қамтамасыз ету, нысандарды тиімді пайдалану және суармалы егіншілікті дамытуға еңбек сіңірген марапат иелерін құттықтаймыз.

Қызылорда облысы әкімінің баспасөз қызметі

ҚР ЭКОЛОГИЯ ЖӘНЕ ТАБИҒИ РЕСУРСТАР МИНИСТРІ ОРМАН ТҰҚЫМБАҚТАРЫНЫҢ ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ



ҚР Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Қарақат Абден, облыс әкімінің орынбасары, Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілі Қайрат Нұртай Қазалы ауданына жұмыс сапарымен барып, ондағы тұрақты орман тұқымбақтарымен және Арал теңізінің құрғаған табанында атқарылған жұмыстармен танысты.

Мемлекет басшысының Жолдауында ел аумағына 2 миллиард түп ағаш отырғызу тапсырылғаны белгілі. Осы тапсырмаға сәйкес, облыста 2021-2027 жылдарға арналған орман өсіру көлемін ұлғайтудың кешенді жоспары бекітілді.

Өңірде 903 мың гектар алқаптың топырағын зерттеу және жобалау жұмыстары жүргізілді. 2021-2024 жылдары Арал теңізінің құрғаған табанындағы 659,1 мың

гектарға екпелер егілді.

Биыл 440,9 мың гектар аумаққа сексеуіл көшеттері мен галофит тұқымдарын егу жоспарланған. Егілетін көшет жеткілікті болу үшін уақытша тұқымбақтар ұйымдастырылған.

Сонымен қатар, Қазалы ауданында Дүниежүзілік банк қаржысы есебінен 33,5 гектар аумаққа тұқымбақ салынды. Жобаның құны 440,7 млн теңге, техникалар сатып алуға қосымша 179 млн теңге бөлінді.

Тұқымбаққа сексеуіл көшеті, жапырақты ағаш, жеміс тұқымы егілді, жеміс бақшасы және үйеңкі талының аналық бөлімі құрылды. Сондай-ақ, қорғаныш жасыл жолақ, минералданған жолақ және компосттау жұмыстары атқарылды.

Тұқымбақ құрылысы аяқталып, облыс балансына берілді, қазір онда 47 адам еңбек етеді.

Қызылорда облысы әкімінің баспасөз қызметі



СУ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ҚҰРМЕТ ТӨРІНДЕ

Су – тіршілік көзі. Табиғаттың тамырын нәрлендіріп, адамзатқа өмір сыйлайтын баға жетпес байлық. Ал сол баға жетпес байлықты жүйелеп, ел игілігіне қызмет ететін өз ісінің шеберлері – су шаруашылығы қызметкерлері.

Су шаруашылығы қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай аудан әкімінің міндетін атқарушы Жалғас Сүйеубаев сала мамандарын қабылдап, мерекелерімен құттықтады.

–Бүгінде елімізде су шаруашылығы



мамандығының маңызы ерекше. Елдің су ресурстарын есепке алу, оларды ластану мен сарқылудан қорғау жұмыстарымен айналы-

сып, су арқылы әрбір үй мен кәсіпорынға тіршілік нәрін беріп келеді. Бүгінгі күні су шаруашылығы саласы қызметкерлерінің аудан тұрғындарына

және шаруашылық қ ұ р ы л ы м д а р ғ а су жеткізу, қолайлы жерлерді қалыптастыру, экологиямызды сақтаудағы қажырлы еңбектері қашанда құрметке лайық. Бүгінгі кәсіби мерекелеріңізде барша сала қызметкерлеріне зор денсаулық, шаңырақтарына береке, жұмыстарына табыс тілеймін, – деді Жалғас Оңғарұлы.

Мұнан соң мерекеге орай аудандағы су шаруашылығы саласында жемісті еңбек етіп жүрген бірқатар азаматтар об-

лыс әкімінің, облыс әкімі орынбасарының және аудан әкімінің «Алғыс хаттарымен» марапатталды.

Мерекелік шарада су шаруашылығы саласының ардагері Серікбай Сәрсенбаев сөз сөйлеп, сала қызметкерлерін мерекемен құттықтап, ізгі лебізін жеткізді.

Мерекелік қабылдау соңында аудандық мәдениет орталығының өнерпаздары мереке иелеріне арнап ән шырқап, ерекше көңіл-күй сыйлады.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ – БАРШАМЫЗҒА ОРТАҚ

Қазіргі таңдағы басты мәселелердің бірі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл болып табылады. Қарапайым халықтың мемлекеттік қызметке сенімін жоғалтатын, еліміздің экономикалық қауіпсіздігіне қатер төндіріп, іргесін сөгетін қауіптің бірі – сыбайлас жемқорлық. Сыбайлас жемқорлық әлемнің кез келген елінде әлеуметтік құбылыс ретінде өмірін жалғастырып келеді, ол тек ауқымдылығымен ғана ерекшеленеді. Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму үдерісін, нарықтық экономиканың құрылуын, инвестициялар тарту процесін тежейді. Елдің болашақ дамуына елеулі қауіп төндіреді. Қазақстанның мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі сыбайлас жемқорлықпен күрес болып табылады. Бұл үшін біздің елімізде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңынан тұратын құқықтық негіз бар, онда «сыбайлас жемқорлық – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалану, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу» деген анықтама берілген.

Қарапайым тілмен айтқанда, сыбайлас жемқорлық – бұл қызмет бабын жеке бас пайда-сына пайдалану.

Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы

іс-қимыл тура- л ы Заңы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңда қамтылғаннан өзге де қағидалар белгіленген болса, онда халықаралық шарттың қағидалары қолданылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл:

- 1) заңдылық;
- 2) адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғау басымдығы;
- 3) жариялылық пен ашықтық;
- 4) мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимыл жасауы;
- 5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын жүйелі және кешенді пайдалану;
- 6) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларын басым қолдану;
- 7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін адамдарды көтермелеу;
- 8) сыбайлас жемқорлыққұқық бұзушылықтарды жасағаны үшін жазаның бұлтартпастығы қағида-тары негізінде жүзеге асырылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты қоғамда сыбайлас жемқорлықты жою болып табылады.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсатына қол жеткізу қымыдай:

- 1) қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбестік ахуалын қалыптастыру;
- 2) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау және олардың салдарларын жою;
- 3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өзара іс-қимылын нығайту;
- 4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі халықаралық ынтымақтастықты

дамыту;

5) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру міндеттерін шешу арқылы іске асырылады.

Сондай-ақ, елімізде Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы бекітілді.

Т ұ ж ы р ы м д а м а н ы ң мақсаты – мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тиімділігін арттыру, сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне «мүлдем» төзбеушілік атмосферасын қалыптастыру, сыбайлас жемқорлықтың деңгейін төмендету арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы қозғалысқа бүкіл қоғамды тарту, Қазақстанда сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықты азайту мақсатында адалдықты тексеру (integrity check) жо-спарлануда, бұл жосықсыз қызметкерлерді дер кезінде анықтауға және жұмыстан шығаруға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік қызметшілер «Мемлекеттік қызмет туралы» және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының заңдарында және өзге де нормативтік құқықтық актілерде көзделген міндеттер мен шектеулерді ескере отырып, өз үлгісімен парасаттылықпен өз ісінің маманы екендігін көрсетуге тиіс.

Осыған байланысты барлық мемлекеттік қызмет орынан, оның ішінде Сарыкөл ауылдық округі әкімінің аппараты сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша тиісті арнайы органдарды шақыра отырып профилактикалық шараларды тұрақты түрде өткізеді, яғни түсіндіру жұмыстары, семинарлар, «дөңгелек үстелдер», конференциялар. Сыбайлас жемқорлықтың зияны тура-лы челленджер, бейнероликтер, әлеуметтік желілерде түсірілімдер жасалып отыра-

ды. Сонымен қатар, ауылдық округтің функционалдық міндетіне сәйкес атқарылатын қызметтерінің бір саласы – салықтық және салықтық емес түсімдердің қайнар көзін анықтау мен бюджетті салықтық түсімдермен қамтамасыз ету болып табы-лады. Салықтық төлемдерді уақытында төлеу кез келген адамның азаматтық міндеті болып табылады. Еліміздің экономикалық өркендеуі мен халықтың әлеуметтік жағдайының жоғары бо-луы салықтық және міндетті төлемдердің дер кезінде өндірілуіне байланысты екені айтпаса да түсінікті. Сонымен қатар салықтық төлемдердің белгіленген түріне байла-нысты төлеу мерзімдері болады. Бұған байланысты ҚР «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер» туралы Кодексі (Салық Кодексі) әрекет етеді. Қазіргі кезде салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің кезеңі, төлеу мерзімі және басқа да мәліметтерді әрбір салық төлеуші E-salyq Azamat мобильді қосымшасы мен kgd.gov.kz «Алдағы төлемдер» сервисінен білуге болады, сондай-ақ E-salyq Azamat, Kaspi.kz және Homebank мобильді қосымшалары арқылы салықтық төлемдерді жүзеге асыра алады. Осындай жаңа технологиялардың ашылуы салық төлеушінің уақытының үнемделуіне, жаңалықтарды тез игеруіне мүмкіндік береді және салық төлеуші мен лауа-зымды тұлғалар арасындағы сы-байлас жемқорлық әрекеттеріне жол бермеуге зор әсерін тигізеді.

Сөз соңында айтарым: «Жаңа Қазақстан» деп ата-латын Қазақстанның жаңа саяси бағытын патриоттық рухта, ұлттық дәстүрді құрметтеу арқылы және сы-байлас жемқорлықсыз құруға баршаңызды шақырамыз.

**Рахымжан БЕРДИМҰРАТ
«Сарыкөл» ауылдық округінің әкімі**

ТАҒЫЛЫМЫ МОЛ ГАЗЕТ



Кенттегі Қ.Пірімов көшесінде орналасқан редакция үйіне зауқайым көзім түсе қалса, өткен ғасырдағы күндер есіме оралады. «Тұран-Қазалы» көненің көзін көрген байырғы басылым. «Ленин туы» деген атаумен ұзақ жылдар жемісті еңбек етті. Сол тұста менің де тырнақалды мақалаларым жарияланып, қаламым ұшталды. Аудандық газеттің штаттан тыс тілшісі атандым. «Тұран-Қазалы» редакциясын тілшілер мектебі десе де болады. Неге десең... Қаншама журналистикаға бейімі бар жастар қаламын ұштап қанаттанды. Қарымды қаламгерлер Б.Тәжімбетов, Ж.Макеналиев, Ж.Өмірбаев,

Е.Кішкенеев сынды азаматтардан ақыл-кеңес алып тұрды. Атшаптырым кең кабинетте төбедей боп марқұм Әлекең ағамыз отырушы еді. Ол кісі бір қайнауы кем мақаланы жаратпайтын-ды. Сырын білетін біздер жазғанымызды қайта-қайта қарап апаратынбыз. «Тұран-Қазалы» газеті түрлі түсті бояумен ерекшеленбесе де жастарға ата-бабаларымыздың салт-дәстүрімен қоса шешендік сөздерін бойларына сіңіретін өзіндік орны бар басылым. Кезінде Әлмәмбет ағамыз құйма құлақ Тілеуберген Төребеков, шежіреші Ахметов Өмірзақ, ақын Ақанжан Келімбетов сияқты көнекөз қариялармен тығыз

байланыста болды. Солардың жазған асыл сөздерін өскелең ұрпаққа үнемі насихаттап отырды. Аймаққа тарайтын газетте ісіне жауапкершілікпен қарайтын қаламы жүйрік журналист Раушанбек Сейtenовтың еңбегін айтпасқа болмайды. Сайып келгенде, қазіргі таңда «Ат тұяғын тай басар» демекші, Әлмәмбет ағамыздың немересі Нұрбол баламыздың басқарған ұжымын төл мерекесі-баспасөз күнімен құттықтап, отбасыларына амандық, жұмыстарына шығармашылық табыс тілеймін.

Әнуар ӘБДІМҰРАТҰЛЫ,
Білім саласының
құрметті ардагері,
«Тасарық» ауылы

КЕНЕДЕН ТАРАЙТЫН КЕСЕЛДЕН САҚТАНАЙЫҚ !!!

Күн жылт етіп жылынып, көктем шыға бастасымен аса қауіпті жұқпалы аурулар тобына жататын Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы ауруының эпидемиологиялық маусымы да келеді. Яғни осы кезде табиғатта кенелер саны тез көбейіп, олардың ішіндегі ауру тасымалдаушы кенелер адам денсаулығына қауіп туғызады, олар кеміргіштердің індерінен жер бетіне шығып, жануарлар мен адамдарға шабуыл жасай бастайды.

Адамдарға бұл вирус кененің тікелей шағуы, малдарды кенеден қолмен тазарту, жүнін қырку кезінде және КҚГҚ-мен ауырған адамды күту барысында жұғады. Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы ауруы немесе көкала – табиғи ошақтық аса қауіпті жұқпалы вирусты инфекция. Бұл аурудың аса қауіптілігі өлім-жітім көрсеткішінің өте жоғары болуында – 30-70% аралығында.

Ауруды қоздырушы вирустың табиғат пен жануарлар арасында айналысқа түсуіне байланысты медицинада қазіргі таңда ауруды мүлде жойып жіберу мүмкін болмай отыр. Алдын алатын вакцина да жоқ.

Біздің ауданымыздың халқы негізінен, мал шаруашылығымен шұғылданатындықтан, КҚГҚ-сының табиғи ошақтары бар елді-мекендерде аурудың кездесу ықтималдығы да өте жоғары болып саналады.

Кене шаққанда өзінің сілекейімен арнайы фермент бөледі, сол себепті көпшілік жағдайда кененің шаққаны білінбейді. Денеге жабысқан кенені байқаған кезде жақын орналасқан емхана немесе ауруханаға медкөмекке жүгіну керек. Қорғалмаған қолмен кенені ұстау қауіпті екенін есте сақтаңыз! Кенені жалаң қолмен және бірден жұлып алуға болмайды, өйткені кененің тұмсығы қалып қойып, орны іріңдеп, жара болуы мүмкін. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ұсынысы бойынша кенені қарапайым медициналық қысқышпен (пинцетпен) немесе резина қолғап киіп, тұмсығына жақын жай қысып ұстап, шайқамай, бұрамай тарту керек, езіп алмау керек! Ал қысқыш болмаған жағдайда қарапайым жіппен тұмсығының түбінен орап жәймендеп тартып алу керек. Шаққан орнын иод ерітіндісімен немесе спиртпен залалсыздандыру қажет. Кенені шыны ыдысқа салып, медициналық мекемеге өзімен бірге апару керек (қажетті жағдайда кене зерттеледі) немесе Ұлттық сараптама орталығының Қызылорда облыстық филиалына тапсырып, ақылы түрде зерттеуге болады.

Бүгінгі күні аудан бойынша белсенді табиғи ошақтары бар елді-мекендерде осы аурудың алдын-алу шаралары жыл сайын жүйелі түрде қолға алынып отыр. КҚГҚ-на қолайсыз елді-

мекендерде мал бастарына және малдың қора-жайларына кенеге қарсы өңдеу жүргізіліп, сондай-ақ КҚГҚ бойынша қолайсыз елді-мекендердің айналасына санитариялық-қорғау аймақтарын құру арқылы жүзеге асырылуда.

КҚГҚ-сы ауруының алдын-алу мақсатында атқарылатын басты іс-шаралар мыналар болып табылады:

Біріншіден, вирусты кенеден адамға жұқтырмау шарасы, оған кене шақпау үшін сақтандыру киімін қолдану (жеңі ұзын жейде, шалбар); кенені тез табылуға көмек беретін ақшыл түсті киімді кию; кенеге қарсы препаратты қолдану; кененің бар екенін тексеріп өзді-өздерін қарау; малдардың кенеленбеуін қарастыру, кенеге қарсы препараттарды қолдану; кенесі көп аудандарға кенелердің өте белсенділігі кезінде.

Негізсіз бармау шаралары; Екіншіден, малдан адамға жұқтырмау шараларын қарастыру, оған жануарларға күтім жасағанда (баққан, сауған кезде және тағы басқа), жануарларды мүшелеген, сойған, тасымалдаған және өткізген кезде олардың қанымен, терісімен, ұлпаларымен жанасқанда сақтандыру киімдерін пайдалану.

Үшіншіден, адамнан адамға жұғу қаупін азайту, оған науқаспен қатынаста болған жеке адамдардың және медицина қызметкерлері тара-

пынан жұтырмау шаралары қарастыру, ауру күткенде арнайы медициналық киімдерді пайдалану, жеке басының гигиенасын сақтау болып табылады.

Кене шағып алғанда немесе кенемен жанасқанда, жануарларға күтім жасағанда (баққан, сауған кезде және тағы басқа), жануарларды мүшелеген, сойған, тасымалдаған және өткізген кезде олардың қанымен, терісімен, ұлпаларымен жанасқанда, ашық аумақта болғанда (табиғат аясында демалғанда және тағы басқа), қансыраған науқас адаммен жанасқанда ауру жұқтыру қаупі көбейеді.

Ал егер, жоғарыда көрсетілген жағдайдан кейін адам өз-өзін нашар сезінгенде және дененің қызуы көтерілгенде, кем дегенде бас және бұлшық еттер ауырғанда, жүрек айнығанда, лоқсу сезімі пайда болғанда, іш ауырғанда немесе іш өткенде, яғни, аурудың алғашқы белгілері кезінде дереу медицина мекемелеріне қаралуы қажет.

Алдын-алсаңыз, аурудың да қаупі де азаяды, сондықтан сақтанып жүрейік!

А.КОСЫМОВА,
ҚР ДСМ СЭБК
«Ұлттық сараптама орталығы»
ШЖҚ РМК Қызылорда облысы бойынша филиалының Қазалы аудандық бөлімшесінің басшысы

ӨРТ ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІН ҚАТАҢ САҚТАЙЫҚ

Жазғы жел, аптап ыстық кезінде өрт қаупі арта түседі. Кішкене ғана ұшқын, сөндірілмеген күл-қоқыс, шылым қалдығы, кез келген жерде от немесе шырпы жағып, шылым тұтату орны толмас опық жегізуі мүмкін.

Тазалық жұмыстар кезінде күл-қоқысты өртегенде өте сақ болу керек. Оны күн тымық кезде, тұрғын үй құрылысынан қашық жерде өртеп, күлі сөнгенше қадағалап қасында тұру керек. Қайсыбіреулеріміз соны біле тұра көңіл бөлмейміз. Тұрғындар аулаларынан шыққан күл-қоқыс,

шөп қалдықтарын тазалау кезінде жоғарыда көрсетілген ережелерді сақтаулары керек.

Өрт шығу салдарына кішкентай балалардың шырпымен ойнауы, ата-аналар тарапынан қадағалаудың жоқтығы да себеп болады, яғни, ауа-райының ыстық кезінде кішкентай балаларға көп көңіл бөліп, олардың шырпы, отпен ойнауына жол бермеу керек, себебі, оның арты өртке айналып, орны толмас өкінішке душар етеді.

Күн жылынып аяқ асты кеңіп шаруа қожалықтары мен қосалқы

шаруашылықтарда жемшөп дайындау уақытында таяп келеді,

Жаздың «Қара тастан май тамызған» ыстық күнінде кішкене ғана ұшқынның өзі орны толмас опық жегізуі мүмкін. Далада, егін басында болатын өрт көбіне сонда еңбек ететін адамдардың кінәсінен болады. Шылым тартқанда, от жаққанда сақтық жасамау, комбайнның, тарктордың, автомашинаның түтін шығатын тұрыбасынан құрғақ шөпке от ұшқыны түсіру, міне, далада шығатын өрттерге себеп осылар болып табылады. Өрт адамдардың

маңдай терімен, еңбегімен қолымен өндірілген байлықты жоқ етіп кетпесін десек, онымен алдынала күресу керек.

Сондықтан шаруа қожалықтары трактор машиналарын дайындау кезінде, шөп орағы кезінде әрбір шаруашылық басшылары мен шаруа қожалықтарының жетекшілері, механизаторлары мен жұмысшылары төмендегідей өрттен сақтану шараларын қатаң орындап отыру міндетім деп түсінуі керек.

Қазалы ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі

ҚАЗІРГІ ЖАСТАРДЫҢ БАСТЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ: ЖАУАПКЕРШІЛІК ПЕ, МОТИВАЦИЯ МА?

Бүгінгі жастар қандай? Бұл — қоғамда жиі талқыланатын, әр буынның өз жауабы бар күрделі сұрақ. Бірі «жастар жалқау» десе, енді бірі «өте қабілетті, бірақ тұрақсыз» деп бағалайды. Ал мен, 11-сынып оқушысы ретінде, өз қатарластарымның ортасында жүріп, олардың ішкі жан дүниесін жақсы түсінемін. Қазіргі жастардың басты мәселесі не деп сұрасақ, менің ойымша, бұл — жауапкершілік пен мотивация арасындағы тепе-теңдіктің бұзылуы.

Бүгінгі заман — ақпарат пен мүмкіндік заманы. Бізде интернет бар, онлайн білім алу жолдары ашық, түрлі табысты жастардың өмірі көз алдымыз-

да. Бірақ осы мүмкіндіктердің бәріне қарамастан, соларды нақты мақсатқа айналдырып, нәтижеге жетіп жүрген жастар аз. Неліктен?

Біріншіден, мотивация тұрақты емес. Бүгін армандаймыз, ертең ұмытамыз. Бір сәттік шабытпен алға ұмтыламыз да, алғашқы қиындықта тоқтап қаламыз. Себебі: төзім мен табандылық жетіспейді. Әлеуметтік желілер бізге бәрі оңай көрінетін өмірді ұсынып, шын өмірдің күресін ұмыттырып жібереді.

Екіншіден, жауапкершілік сезімі әлсіреген. Қоғамдағы кей жастар уақыты мен мүмкіндігін дұрыс бағаламайды. Өз ісіне,

уәдесіне, ата-анасының үмітіне, қоғам алдындағы міндетіне жауапкершілікпен қарайтын жастар көп емес. Бұл — ертеңгі күні елімізді алға сүйрейтін көшбасшылардың азаюына себеп болуы мүмкін.

Сонымен қатар, жастардың көпшілігі сыртқы әсерге тым тәуелді. Олар өз пікірінен гөрі, «басқалар не ойлайды?» деген оймен өмір сүреді. Өз бағытын айқындап, тәуелсіз ойлай алатын жастардың саны артса, еліміз де алға басары анық.

Меніңше, бүгінгі буынға мотивация да, жауапкершілік те қажет. Бұл екеуінің бірінсіз бірінің пайдасы аз. Мотивация — от, жауапкершілік — жол. Бірі бағытсыз жанып кет-

се, екіншісі отсыз қозғалмайды. Жастар осы екеуін тең ұстаса ғана өз арманына жете алады.

Қортындылай келе, біз — тәуелсіз елдің жаңа ұрпағымыз. Болашақ біздің қолымызда. Сол болашақты жарқын ету үшін тек арманға емес, әрекетке, тек шабытқа емес, табандылыққа да сүйенуіміз керек. Жауапкершілікті сезініп, мотивацияны жоғалтпай алға ұмтылсақ — биік шың біздікі.

Нұрай БЕКБАУЛОВА,
Қызылорда облысы,
Қазалы ауданы,
Әйтеке би кенті

Б. К. Мергенбаев атындағы
N226 мектеп- гимназия
оқушысы

● Маманның кеңесі

(Жылауық құрт кеселі)

Эхинококкоз дегеніміз – созылмалы ағымымен, ағзаның аллергиясымен және бауырдың, өкпенің және басқа мүшелердің зақымдануымен сипатталатын паразиттік ауру, онда көптеген кистозды түзілістер қалыптасады, бұл мүгедектікке әкелуге немесе асқынған жағдайларда өліммен аяқталуы мүмкін.

Адамдар үшін эхинококкоздың негізгі көзі - иттер, қасқырлар, түлкілер және шакалдар болып табылады. Адам және ауыл шаруашылығы жануарлары (қой, шошқа, сиыр, жылқы және т.б.) эхинококкоздың аралық иесі қызметін атқарады.

Адамдар жұқпаны ауырған жануарлармен (иттер, ірі және ұсақ қара мал, жабайы жыртқыштар) байла-

ныс кезінде, жабайы жидектер мен шөптерді жинау және жеген кезінде, теріні өңдеу кезінде, гельминт жұмыртқасымен ластанған бұлақтардың немесе су қоймасының суын пайдалану кезінде жұқтырып алуы мүмкін. Иттер эхинококкоз ауруын құрт өсімділерімен зақымданған жануарлардың ішкі мүшелерін жегенде жұқтырып алады.

Аурудың берілу факторлары - лас қолдар, кейде көкөністер, жемістер болып табылады. Эхинококкозды жұқтыру қаупі жоғары топқа ауыл тұрғындары, аңшылар, иттермен байланыста болған адамдар және балалар жатады.

Аурудың белгілері таспа құрттың орналасуына байланысты болады. Бауырды зақымдаған кезде сарғаю

пайда болуы мүмкін, оң жақ қабырғаның астында ауырлық сезімі, бауырдың ұлғаюы, оң қол мен арқаға берілетін ауырсыну байқалады. Паразит өкпеде болған кезде ентігу, қан түкіру, кеуденің ауырсынуы, жөтел пайда болады. Эхинококкоз диагнозы зертханалық және аспаптық зерттеу әдістерін (ультродыбыстық зерттеу, рентгенография, компьютерлік томография) қолдану арқылы анықталады. Эхинококкозды емдеу тек хирургиялық әдіспен жүзеге асырылады.

Эхинококкозды ерте анықтау мақсатында ветеринариялық қызмет, ет комбинаттары, мал сою пункттері, мал өсірушілер, аңшылар, ит өсірушілер және олардың отбасы мүшелері жыл сайын эхинококкозға

зертханалық тексеруден өтуі қажет.

Эхинококкоз ауруының алдын алу шаралары:

- жеке гигиена ережелерін сақтау: иттермен және кез келген басқа жануарлармен байланыста болған сайын немесе бақшада жұмыс істегеннен, аулада ойнағаннан кейін қолды сабынмен мұқият жуу;

- балалардың қаңғыбас иттермен ойнауына жол бермеу;

- ашық су қоймаларынан су ішпеу;

- тағамға қолданылатын көкөністер мен шөптерді, жидектерді жақсылап жуу;

- үй иттерін дегельминтизациялауды жүргізу.

Мархаба ЖАҚЫП,
Қазалы аудандық
санитариялық-
эпидемиологиялық бақылау
басқармасының бас маманы

БАЛАЛАРДЫҢ ТЕРЕЗЕДЕН ҚҰЛАУЫН АЛДЫН АЛАЙЫҚ

Терезеден құлаған балалар туралы хабарламалар жиі айтылуда, жыл сайын олардың саны көбеюде.

Құлау себептері:

Балалардың терезеден құлау жағдайларын талдау барысында ата-аналар баланы ашық терезенің жанында пәтерде жалғыз қалдырғандықтан, олар жиі болып жатқанын айтады. Көптеген үйлерде заманауи шыны пакеттер пайда болуы-

мен де байланысты. Егер осындай терезе москит торымен жабдықталған болса, онда ол екі есе қауіпті болады. Жиі ата-аналар торды қорғаушы ретінде деп қате санайды. Бірақ балалар торды қорғаныс бөгет ретінде қабылдайды және оған сүйеніп, терезеден онымен бірге түседі.

Ересектердің назарына:

Терезенің жанында жиіаз болмауы керек, ол балаға терезенің астына оңай шығуға

мүмкіндік береді, және оны бос қалдырмау керек. Бала ешқашан терезесі ашық бөлмеде қараусыз қалмауы керек. Статистика сүйенсек балаларды қысқа уақытта қараусыз қалдырғанда құлау жағдайларының көбі орын алатынын көрсетеді. Бірақ ересектердің қырағылығына ғана сенуге болмайды: бала биіктігі қауіпті екенін өзі түсінуі тиіс. Терезеде ойнауға тый-

ым салу керек, терезеге дұрыс қарауға үйрету керек. Жеке мысал да маңызды: ересектер балалар бар кезінде терезеде отырмауы, терезеден шығармауы тиіс. Балалар ата-аналардың мінез-құлқын әрдайым қайталайды.

Құрметті ата-аналар! Балалардың қауіпсіздігі сіздің қолыңызда!

Қазалы ауданының
Төтенше жағдайлар бөлімі

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспаханың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, **бас редактор** - 2-47-77, **бухгалтер** -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11227 дана.